

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

Жаңаөзен қаласы

30.06. 2023 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМ

«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

(мемлекеттік мекеменің/ұйымның атауын көрсету)

«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директорының 2023 жылғы 24 мамырдағы № 80Н/Қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылғы 01-30 маусым айы аралығында жүргізілді.

Ішкі талдаумен «№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын 2020, 2021, 2022 жылдардың аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобы:

Жұмыс тобы басшысы- директор - Танаева С.Ж.

Жұмыс тобы мүшелері- 1.директордың ішкі аудит ісі

бойынша орынбасары - Бисембаева Д.И.

2. ДҚК терапевт дәрігері - Бактыбаева Р.

3. Бас медбике - Мирзатаева Е.С.

4. № 1ЖТД бөлім меңгерушісі –Аргинбаева А.Ж.

5. № 2ЖТД бөлім меңгерушісі –Сидагалиева А.А.

6. ДА Теңге бөлім меңгерушісі –Балмурзаева К.О.

7. Әйелдер кеңесі бөлімінің

меңгерушісі - Есенгалиева А. У.

8. Мамандандырылған мамандар

бөлім меңгерушісі- Мартов Ж.Ж.

9. статист дәрігер-

Сулейменов М.М.

10. Бас есепші м.а.-

Сарыева Г.А.

11. Мамандар бөлімінің басшысы- Мусатаева К.С.

Жұмыс тобы хатшысы- Адилханова З. Зангер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу;

7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру.

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қызметін қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны. Мекен-жайы: Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ ш/а, құрылас 48/4.

(мемлекеттік мекеменін/ұйымның атауын көрсету)

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексін, ҚР Кәсіпкерлік кодексін, ҚР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің қаулысын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын, «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары» ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген сондай-ақ Кәсіпорын Жарғысын және Ұжымдық шартты тағы да басқа нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын құқықтық актілер, бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сот актілері зерделенді.

Азаматтарды жұмысқа қабылдауы бойынша ҚР Еңбек кодексінің 139 бабына сәйкес, азаматтық қызметке кіру тағайындау тәртібімен не конкурс бойынша жүзеге асырылады делінгеносы тұста сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындайды әғни басшы қалаған адамын конкурстыз тағайындауы мүмкін.

Ұсыныс: Облыстық денсаулық сақтау басқармасына хат жолдау.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтауға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Персоналды басқару қызметі, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

2020 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 459,5 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар 19 бірлік.

2021 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 454,5 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар 8 бірлік.

2022 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 460 бірлікті құрайды, оның ішінде бос орындар 9 бірлік.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер №2 Жаңаөзен қалалық емхана сайтына, электрондық еңбек биржасына орналастырылады (www.enbek.kz), ақпарат Жаңаөзен қаласының Жұмыспен қамту орталығына жіберіледі.

2020 жылы жұмысқа 10 дәрігер, 25 медбике жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 13 дәрігер, 36 медбикемен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2021 жылы жұмысқа 8 дәрігер, 27 медбике жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 10 дәрігер (оның ішінде 2-зейнет жасы, 6-басқа жұмысқа ауысу, 2-басқа қалаға көшіп кету), 17 медбикемен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

2022 жылы жұмысқа 8 дәрігер, 15 медбике жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 8 дәрігер (оның ішінде 2-резидентура, 1-магистратура, 2-басқа жұмысқа ауысу, 3-басқа қалаға көшіп кету), 17 медбикемен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды.

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқада нормативтік актілермен, қол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің

тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндетті түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді.

Жағымсыз себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар болған жоқ.

№2 Жаңаөзен қалалық емхана қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардағы уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай – ақ, қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26 – бабы 2 – тармағының 3) тармақшасында көзделген, сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған кәмелетке толмаған адамдардың және сауықтыру, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу (ҚР Қылмыстық – процестік кодексінің 35 – бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) бөлігінде шектеулердің жоқтығы, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандалығына қарсы, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін құқық бұзушылықтардың болмауы тексерілді.

Барлық қызметкерлердің жеке істерінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық – анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

2) Мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Талдау барысында анықталған жақын туыстары атқаратын лауазымға тікелей бағынатын бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилирлену фактілерін ата – анасы (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері, жекжаттары деп-ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-аналары және жұбайының (зайыбының) балалары орын алмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде кәсіпорынға жақын туыстарының бірлескен қызметі (жұмысы) фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

3) Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 8 (сегіз).

«Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығын іске асыру шеңберінде.

- 1) жеке тұлғаларды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығы;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;
- 3) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы;
- 4) «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығы;
- 5) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы;
- 6) «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығы;
- 7) «Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қазандағы № ҚР ДСМ -103 бұйрығы;
- 8) «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы.

2020, 2021, 2022 жылдарда мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар тіркелген жоқ.

2021-2022 жыл ішінде тоқсан сайынғы негізде статистикалық деректерді, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелерін және ақпараттық жүйелерді, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шаралары туралы, шағымдардың болуы/болмауы және т.б. ақпаратты көрсететін талдамалық жазбаны қоса бере отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау бойынша емхананың жұмысы туралы есеп қалыптастырылды.

Тоқсан сайынғы негізде нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасы талаптарының сақталуына талдау жасалған мемлекеттік қызметтер көрсетуге мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімшелер мен филиалдардың назарына жеткізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып көрсету жағдайлары, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар анықталған жоқ.

Пациенттерді қолдау қызметі бойынша:

2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.
<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-27</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p><u>ФСМС-AIKEY GRM (1406)</u></p> <p>Барлығы-15</p> <p>Бастамашы-1 жабық</p> <p>Этика мәселелері-2</p> <p>Алғыс-12</p> <p>Е-ӨТІНІШ-жоқ</p> <p>Call-орталық Өтініш-556</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>	<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-168</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p><u>ФСМС-AIKEY GRM (1406)</u></p> <p>Барлығы-12</p> <p>Бастамашы-1 жабық</p> <p>Этика мәселелері-1</p> <p>Ауруханаға жатқызу-1</p> <p>РПН-1</p> <p>Ауруханаға жатқызу-2</p> <p>Алғыс-11</p> <p>Е-ӨТІНІШ-1</p> <p>Call-орталық Өтініш-583</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>	<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-819</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p><u>ФСМС-AIKEY GRM (1406)</u></p> <p>Барлығы-15</p> <p>Бастамашы-1 жабық</p> <p>Этика мәселелері-2</p> <p>Алғыс-14</p> <p>Е-ӨТІНІШ-3(2-элеуметтік, 1-жеке тұлға)</p> <p>Call-орталық Өтініш-634</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>

Жалпы тәжірибелі дәрігердің қабылдауы бойынша анықталған бұзушылықтар:

2020ж. бойынша

	Аты-жөні, мекен-жайы, ЖСН	Себептері	ескерту
1.	<p>ҚАБАНОВ</p> <p>ЖӘНІБЕК</p> <p>ЖСН: 840510302579</p> <p>Мекен-жайы: теңге</p> <p>Ж. Мыңбаев көшесі -</p>	<p>24.08-25.08.2020ж. ЖТД уч. А.</p> <p>Ұлықпановтың қабылдауында болды.әлсіздік.</p> <p>Дәрігер ем тағайындаған жоқ, ұсыныс берілмеді, уақытша</p>	<p>Дәрігер</p> <p>А. Ұлықпановтың үстінен</p> <p>директордың атына баяндама</p>

30 үй	еңбекке жарамсыздық парағы (бұдан әрі-ЕЖП) ашылмады	жазылып ішкі аудит отырысында қаралды, 24.08.2020 ж. бастап 26.08.202 ж. дейін ЕЖП рұқсат берді Шара түрі: Дәрігерді ЖТД қызметінен ауыстырылды.
-------	--	--

2021ж. бойынша

	Аты-жөні, мекен-жайы, ЖСН	Себептері	Ескерту
1.	Абылай Айгерим ЖСН: 960926450768	19.03.2021 ж. учаскелік ЖТД А.А. Сидагалиеваның қабылдауында болып диагноз қойылды: созылмалы холецистит. Жүктілік 27 апта. 25.03.2021 ж. жедел жәрдем активі болды, бірақ емдеуді жалғастыр ұсынылды. Дәрігер науқасқа ЕЖП ашып тіркету керегін түсіндірмеген, дегенмен науқас дәрігер қабылдауында бірнеше рет болса да	Дәрігер А. А. Сидагалиевадан директордың атына түсіндірме хат алынып, 19.03.2021 ж. бастап 21.03.2021 ж. дейін ЕЖП-на рұқсат етілген. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
2.	Есенова Бибігүл ЖСН: 750101406387 Теңге кенті О. Ноятұлы көшесі, 17	Науқас 29.03.2021 ж.-05.04.2021 ж. д/з КБЖҚА-да стационарлық емдеуде болды: 11.9.ЕЖП созылған. 05.04.2021 ж. уч. ЖТД Рязанованың қабылдауында болды.	Дәрігерден Ержанова К. Д.. директордың атына түсіндірме хат алынды, 06.08.2021 ж. бастап 15.08.2021 ж. дейін ЕЖП рұқсат берді. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
3.	Басбаева Толкин ЖСН: 661026401471	11.03.2021 ж. науқас ЖПД уч. Кубаев г. Б. д/зом: 11.9 қабылдауында болды. емдеу	Дәрігерден г. Б. Кубашевадан. директордың

	тағайындалды.15.03.2021 ж. күндерге бағытталды.стац-р, 25.03.2021 ж. қабылдау болған жоқ.Науқас қабылдауда бірнеше рет болғанымен, ЕЖП ашылмады.	атына түсіндірме хат алынды,11.03.2021 ж. бастап 13.03.2021 ж. дейін ЕЖП-на рұқсат берді. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
--	--	---

2022 ж.

	Аты-жөні, мекен-жайы, ЖСН	Себептері	ескерту
1.	ЖАНЖИНИТОВ БАЗАРБАЙ ЖСН:74052630017 2	06.05 бастап.-30.05.2022 ж. д/зом бар КБЖҚА стационарлық емдеуде болды:L03. 1.31.05.2022 ж. науқас уч. ЖТД қабылдауында болды, ұсыныс берілді,бірақ ЕЖП ашылмады(науқас сақтандырылмағанына сілтеме жасай отырып).Науқас күн сайын хирург кабинетіне первязкаға барған . 31.05.2022 ж бастап 31.06.2022 ж.дейін ЕЖП талап етті.	Дәрігерден Б. К. Араповтан 31.05.2021 жылдан бастап директордың атына түсіндірме хат жазылып, ЕЖП рұқсат етілген. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
2.	Айтмаганбетов Базаргуль ЖСН:67072540252 8 Мекен-жайы:АРАЙ-23-126.	16.05.2022 ж. ЖТД уч. Л.Н. Абдрахимованың қабылдауында болды д/зом:111. 9.жазбада ЕЖП ашылды, бірақ ЕЖП тіркеу журналына тіркелмеген.Науқас 18.05..21.05. ,23.05. ,26.05. .27.05:2022 ж. Л. Н. Абдурахимова,Т. С. Әскербаева,А. А. Сидагалиева дәрігерлердің қабылдауында болған	Дәрігерлер Абдрахимова Л. Н., Әскербаева Т. С., Сидагалиева А. А.. директордың атына түсіндірме хат жазылды, 16.05.2021 жылдан бастап ЕЖП рұқсат берді. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
3.	ЮСУПОВА СУЛУХАН	22.10.2022 ж. науқас невропатолог Т. С. Асановтың	Директордың атына баяндама жазылып

	ЖСН:72031549905 8	қабылдауында болды., бірақ МРТ және омыртқаны емделуі болған. Дәрігер ЕЖП -н ашпаған.	дәрігер Т. С. Асановадан түсініктеме алынды, 22.10.2021 ж. бастап ЕЖП-ға рұқсат берді. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.
4.	Есенаманов Батырбек ЖСН:99030535015 8	29.03.2022 ж. дәрігер Г. Б. Кубаевтың д/з-мен қабылдауында болды: созылмалы тонзиллит, емдеу тағайындалды, дегенмен науқас қабылдауда бірнеше рет болған, бірақ ЕЖП тіркеу кабинетінде ЕЖП тіркелмеген.	Дәрігер Г. Б. Кубашевадан. директордың атына түсіндірме хат жазылды, 29.03.2022 жылдан бастап ЕЖП рұқсат етілген. Ішкі аудит отырысында қаралып ауызша ескерту берілді.

Тәуекел: Мамандардың өз міндеттерін тиісінше орындамауы

Ұсыныс: Мемлекеттік қызмет көрсету жауапты мамандар, қызметкерлермен Мемлекеттік қызмет көрсету заңнама талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыруға- Жарғыға сәйкес Кәсіпорынға рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға -Жарғыға сәйкес кәсіпорынға бақылау-тексеру функциялары берілмеген.

б) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу қызметінде анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).

Кәсіпорын қызметі бюджет және қаржы қаражатын негіздеуге және бөлуге бағытталмаған. Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өзінің кірісі мен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Сонымен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бекітілген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін кәсіпорынға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражатынан сомалар төленеді.

Ол үшін кәсіпорын мен Қор арасында медициналық қызметтерді сатып алу шарттары жасалды, олардың негізінде кәсіпорын сатып алу шарттары күшіне

енген сәттен бастап қосылу. шартында белгіленген шарттармен шарттық қатынастарға түседі.

Қосымша ақпарат (мысалы, аудиторлық тексерулердің нәтижелері: есеп комитеті, ІМАК/ІМАД, ішкі аудит қызметі).

Тексеру нәтижелері туралы анықтама:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің 28.03.2022 жылғы № 92 актісі бойынша;

2. Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің фармацевтикалық қызметтер, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сатып алуды өткізудің және пайдаланудың негізділігіне 2022 жылдың 23 қарашасынан 2022 жылдың 12 желтоқсан аралығында аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Акт. анықтама бойынша шарлар алынып, кемшіліктер жойылды.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері саны- 3 (үш).

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген шектеулер бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуға осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар, не осы әлеуетті өнім берушінің, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің Бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу, сыбайлас жемқорлық қауіптері анықталмады. Кәсіпорынның Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" № 648 бұйрығына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Кәсіпорынның Интернет-ресурсында орналастырылған бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған қағидаттарды байқауға, сондай-ақ веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық

және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық қауіптерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық қауіптері жоқ.

2020 жылғы 12 айға арналған сатып алу жоспарына сәйкес, ШЖҚ МКК «№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» 286 лот бойынша сатып алу жүргізілді, оның ішінде: ИОИ - 189, ЗСП -93, ОК-3, ИОИ- 3.

2021 жылғы 12 айға арналған сатып алу жоспарына сәйкес, ШЖҚ МКК«№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы» 172 лот бойынша сатып алу жүргізілді, оның ішінде: ИОИ - 87 , ЦЦП -60, ОК-16

2022 жылғы 12 айға арналған сатып алу жоспарына сәйкес, «№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы" ШЖҚ МКК 161 лот бойынша сатып алу жүргізілді, оның ішінде: ИОИ - 32 , ЦЦП - 117, ОК-12.

Мемлекеттік сатып алу бойынша анықталған бұзушылықтар:

1.2021 жылы бойынша Мемлекеттік сатып алу порталында есептерді уақтылы қалыптастырылмағандықтан бір көзден сатып алу шарты жасақталған. Уақыт өткізіп алу дерегі бойынша.

2. 2022 жылы камералдық бақылаудан баға ұсыныстарын сұрату туралы хабарландыру тек орыс тілінде салынған мемлекеттік тілде салынбағаны туралы хабарлама алынған. Бұл «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ. Заңының 21-бабына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған конкурстық құжаттаманың электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде әзірленбеген.

Кейін конкурстық құжаттама заңнама талаптарына сәйкес екі тілде жасақталып салынды.

3.21.01.2022 жылы No 6606314-ЗЦПІ «Бағалы ұсыныстарға сұраным» бойынша мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде "MEYIRHAN" ЖШС-мен бензин литры 199.99 тенгеден 15000 көлемде, жалпы сомасы 2 999 850.00 (екі миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың сегіз жүз елу тенге нөл тиын) теңгені құрайтын 02.02.2022 жылы № 7 санды шарт жасақталған.

Өнім беруші тауарды шартқа отырған күннен бастап жеткізген жоқ. Өнім берушіге бірнеше рет ауызша ескертілген.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 12 бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес сотқа беріліп, мемлекеттік сатып алудың жасықсыз қатысушысы деп танылды.

Тәуекел: Мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу.

Ұсыныс: Мемлекеттік сатып алу заңы бойынша түсіндірме жұмысын жүргізу және оқыту.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша тәуекелдер саны -0 (бірлік).

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша -сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және НҚА қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Бұдан басқа, "№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы" ШЖҚ МКК қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізілуде.

"№2 Жаңаөзен қалалық емханасы " ШЖҚ МКК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағыты бойынша кешенді жоспары бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын енгізу жоспарланып отыр, әдеп кодексі бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін барлық қажетті шаралар қабылданды.

Ұсыныстардың жалпы тізімі:

1. Кәсіпорынның қызметі комплаенс-қызметінің функцияларын жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

2. Парасаттылықты нығайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бақылауды және тәуекелдерді бағалауға.

4. Теріс пайдаланудың алдын алуға, сондай-ақ қызметкерлерді оқытуға ерекше назар аудара отырып, сыбайлас жемқорлық тәжірибелерінің алдын алуды жүзеге асыру.

Қосымшалар: _____ парақта (талдау кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелері, сот шешімдері, хаттамалар, тексеру актілері және басқа да құжаттар, ақпараттық материалдар).

Қорыта келгенде Аппараттағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Баяндалғанның негізінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және оның алдын алу мақсатында:

- осы анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей енгізілген ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (одан әрі - Жоспар) әзірленсін және бекітілсін;

- Жоспардың орындалысы туралы ақпарат ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін Жұмыс тобына ұсынылсын.

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ БАСШЫСЫ: _____

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ХАТШЫСЫ: _____

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

Танаева С.Ж.

Адилханова З.М.

1. Директордың ішкі аудит ісі
бойынша орынбасары

2. ДЖК терапевт дәрігері

3. Бас медбике

4. № 1ЖТД бөлім меңгерушісі

5. № 2ЖТД бөлім меңгерушісі

6. ДА Теңге бөлім меңгерушісі

7. Әйелдер кеңесі бөлімінің
меңгерушісі

8. Мамандандырылған мамандар
бөлім меңгерушісі

9. Статист дәрігер

10. Бас есепші м.а.

11. Мамандар бөлімінің басшысы

Бисембаева Д.И.

Бактыбаева Р.

Мирзатаева Е.С.

Аргинбаева А.Ж.

Сидагалиева А.А.

Балмурзаева К.О.

Есенгалиева А. У.

Мартов Ж.Ж.

Сулейменов М.М.

Сарыева Г.А.

Мусатаева К.С.